



Қазақстан Республикасының хұқықтық көмек пен хұқықтық ынтымақтастық туралы халықаралық шарттары туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1993 жылғы 8 қаңтар N 1053.

Басқа мемлекеттермен хұқықтық көмек пен хұқықтық ынтымақтастықты дамытуға зор мән бере отырып, "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес қаулы етемін:

Қазақстан Республикасының Әділет министріне азаматтық және қылмыстық істер бойынша хұқықтық көмек пен хұқықтық ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасының келіссөздерін жүргізуге және халықаралық шарттарына қол қоюға өкілеттік берілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті